

6D012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін Ахметженова Гульдарай Адильхановнаның
«Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін
қалыптастырудың педагогикалық шарттары»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Ұсынылған диссертациялық зерттеу қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарына арналған. Қоғамның ақпараттануы, жаһандық білім беру кеңістігіне интеграциялану және жаңа буын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының енгізілуі жоғары мектеп түлектеріне қойылатын кәсіби-тұлғалық талаптарды түбегейлі жаңартуда. Осы мәселе бойынша зерттеу жұмысының ғылыми аппараты (мақсаты, міндеттері, болжамы, зерттеу әдістері) логикалық тұрғыдан жүйелі құрылып, тандалған тақырыптың ауқымын толық қамтуға, сондай-ақ педагогикалық құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын ашуға мүмкіндік берген.

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері кешенді түрде талданған. Тарау барысында құзыреттілік тәсілдің қалыптасу тарихы мен әдіснамалық алғышарттары жүйелендіріліп, отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамаларына салыстырмалы талдау жасалған. Зерттелген жұмыстар бойынша «ақпараттық-әдістемелік құзыреттілік» ұғымына авторлық анықтама бере отырып, оның құрылымдық компоненттерін (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекетті, рефлексивті) ғылыми тұрғыдан дәлелдеген. Теориялық талдаулар нәтижесінде кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық моделі мен педагогикалық шарттары ғылыми тұрғыда негізделіп, ұсынылған. Жаңа буын стандарттарының талаптарына сәйкес ақпараттық-әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасу ерекшеліктері жан-жақты ашылып, педагогикалық үрдістің сапалық параметрлері негізделген.

Жұмыстың екінші тарауы зерттеудің өзегін құрайтын педагогикалық шарттарды ашуға және олардың мазмұндық сипаттамасын беруге арналған. Тарауда педагогикалық шарттардың ғылыми негізделген жіктемесі ұсынылып, олардың ішкі байланысы мен құрамы анықталған. Зерттеу жұмыстарын бағытталған оқыту әдістері мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (виртуалды симуляциялар, интерактивті платформалар, электрондық оқу ресурстары) кіріктіру арқылы ақпараттық-әдістемелік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық механизмі сипатталған. Ерекше назар білім алушылардың өзіндік және рефлексивтік іс-әрекетін ұйымдастырудың педагогикалық шарт ретіндегі рөліне аударылып,

рефлексияны дамытудың нақты әдістемелік тәсілдері көрсетілген. Бұл тарауда ұсынылған әдістемелік шешімдер білім беру үрдісінде тікелей қолдануға бағытталған және олардың тиімділігі теориялық тұрғыдан негізделген.


Диссертацияның үшінші тарауында зерттеу нәтижелерінің статистикалық өңделуі мен талдауы ұсынылған. Қалыптастырушы экспериментке дейінгі диагностика нәтижелері көрсетіліп, бақылау және эксперименттік топтардың бастапқы деңгейлерінің тең екендігі дәлелденген. Ұсынылған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру нәтижесінде эксперименттік топ білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілік деңгейлерінің (жоғары, орта, төмен) оң динамикасы статистикалық әдістер арқылы расталған. Эксперименттік жұмыс барысында алынған деректер зерттеу болжамының дұрыстығын және ұсынылған әдістеменің тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың дербес педагогикалық феномен ретінде қарастырылуын, оның өлшемдері мен деңгейлерінің авторлық критериалды жүйесін, сондай-ақ ұсынылған педагогикалық шарттардың тиімділік моделін атап көрсетуге болады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы әзірленген оқу-әдістемелік кешеннің (элективті курстар бағдарламалары, ақпараттық ресурстар, диагностикалық материалдар) білім беру жүйесінің оқу үрдісіне тікелей енгізуге дайын екендігімен айқындалады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны камтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, РҒДИ базасында индекстелетін басылымдарда және Scopus деректер базасына кіретін басылымдарда жарияланған. Эксперимент Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті мен С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті базасында өткізілген. Зерттеу нәтижелерін ендіру актілері расталған.

Қорытындылай келе, Ахметжанова Гульдарай Адильхановнаның «Кәсіптік оқыту білім алушыларының ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұны мен құрылымы жағынан аяқталған, ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан негізделген дербес зерттеу болып табылады және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылады.

Ғылыми жетекші:
п.ғ.д., профессор

 Қ.А.Сарбасова

